

2022 жылға Жаңаөзен қаласы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 547 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 3 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылға Жаңаөзен қаласы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңаөзен қаласының әкімі

А. Қосуақов

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 7 қарашадағы
№547 қаулыға қосымша

2022 жылға Жаңаөзен қаласы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленген ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам) барлығы	А у ы р жұмыстардағы ең б е к жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	А у ы р жұмыстардағы ең б е к жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде белгіленген квота саны (адам)	Мүгедектерге белгіленген квота мөлшері (%)
1	2	3	4	5	6
1	"Өзенпромгеофизика"	192	83	2	2%

	Акционерлік қоғамы				
2	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны "Өзенэнергосервис"	176	176	5	3 %
3	"Бұрғылау" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	2025	261	10	4 %
4	"TENGE Oil & Gas" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	150	72	1	2 %
5	"Кезби" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	1050	81	2	2 %
6	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны "Өзенинвест"	374	374	15	4 %
	Барлығы: 6	3967	1047	35	